

## Хабарлама

Сапақкөл орта мектебінде көркем еңбек пәнінен және 0,5 ставкамен «Қыл қалам» үйірмесіне сабақ беріп келемін.

**Білімім-** жоғары. Еңбек өтілім –38жыл . Біліктілігім – бірінші санатты.

**Мамандығым :** Бейнелеу өнері мен сызу және еңбек пәнінің мұғалімі.

**Өз тәжірибемде .** Оқушылардың Отанын, елін, жерін құрметтеуді үйрету, қиялын, зейінін есте сақтау қабілеттерін дамытуға байланысты көптеген жұмыстар жүргізудемін.

**Өмірлік ұстанымым:** Сапалы білім, саналы тәрбие бере отырып, шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық ізденістерін дамыту. **2022-23** оқу жылындана келетін болсам «Қыл қалам» үйірмесіне басшылық етемін. 0,5 жүктемемен жұмыс жасаймын. Және 1, 5, 6, 7, 8, 9- сыныптарға көркем еңбектен жаңартылған бағдарлама бойынша дәріс беремін. «Қыл қалам» үйірмесінде жылдың басынан 24 оқушымен жұмыс жасап келемін. Үйірменің жұмыс жоспары бекітілген. Жыл бойы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылады. Мектепте әртүрлі іс –шараларға оқушылар қатыстырылды. Соның нәтижесінде балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын қолдау мақсатында ұйымдастырылған республикалық «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілер байқауына «Қылқалам» үйірмесінің төрт оқушысы өз жұмыстарын жіберді. Нәтижесінде ол оқушылар атап айтсам: Аманжол Қасым, Тоғызбаев Ақансері, Оралбай Айару, Жарылғасын Асылжан, Русланқызы Айдана, Серікбай Жанеркелердің өз жұмыстары өзгелерден үздік шыққаны үшін І орынмен марапатталды. Сондай-ақ 7-сынып оқушысы Қайратқызы Амангүл 2-7 сынып оқушыларына арналған Зерде ғылыми жобаға «Өміріміздегі бояулар сыры» деген тақырыпмен өатысып ауданнан І орын алып облысқа жолдама алды. Облыстық сараптамадан 77 балмен облыстық ғылыми жобаға қатысуға келісім алып, облыстан ІІІ орын алды. Сонымен қатар Республика күніне орай ауданда өткен сурет байқауына екі оқушым қатысты. Алайда бұл байқаудан орын ала алған жоқпыз. Жалпы оқушыларым ауданнан, облыстан келген іс-шаралардың барлығына қатысып өз жұмыстарымызды ұсынып тұрамыз. Сондай-ақ үйірмеде әр сабақ сайын ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру жұмыстары өтіледі. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды да естен шығармаймын. Міне бұл оқушылардың жетістігі. Оқушылармен қатар өзімізде жыл сайын өз біліктігімізді арттырып келеміз. Ауданда, облыста, республикада болып жатқан барлық сайыстардан, байқаулардан қалыс қалып жатқан жоқпын. «Әлем –балалар көзімен» тақырыпта электрондық орта мен «Бейнелеу өнері пәнінің ғылыми –методологиялық негіздері» тақырыбында әдістемелік құралдар шығардым. Сонымен қатар облыстық ғылыми –тәжірибелік орталықтың ұйымдастырылуымен болған педолимпиадаға қатысып «Алғысхатпен» марапатталдым. Республикалық педогогтарға арналған ПедСтартқа қатысып І орынмен марапатталдым. Республикалық «Мәңгілік ел ұстаздары» байқауына қатысып І орын, республикалық «Парасатты педагог» байқауында І орын марапатталдым. Және өз санатымды көтердім. Міне бұл жұмыстар 2022-2023 оқу жылында алынған жетістіктер. Осы жұмыстармен шектеліп қалмаймын әрі қарай өз қарай өз жұмысымды жалғастырамын.

Хабарлама беруші:

Дусипов Т.